

27.02.2014

## **Сәні мен мәні келіскен көрме**

**Сәбит БЕКСЕЙІТ.**

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

Қарағанды – кеңес заманында пайда болған индустриялық қаланың жарқын мысалы. Әлемдік қала құрылысы машығындағы бірегей үлгі. Өзінің сексен жылдық тарихында қала қарқынды өсіп, қазіргі заманғы мегаполиске, шоғырланудың болашақ орталығына айналды. Оған ондаған құрылыс басқармаларын ұйыстырған қуатты индустриялық база және «Қарагандагражданпроект», «Промстройпроект», «Қарагандагипрошахт» сияқты ірі жобалау институттарының интеллектуалдық әлеуеті қолғабыс етті.

Қаланың тарихи және белгілі бір дәрежеде қазіргі заманғы келбетін қалыптастырған Қарағанды сәулетшілер мектебінің негізін салушылар – Т.Бараг, М.Генин, И.Бреннер, И.Иванова, С.Кудрявцев, Э.Хидиров, Э.Меликов, Р.Сейдалин, В.Уклеин және С.Мордвинцев болып табылады.

Қарағанды сәулетшілерінің шығармашылық және кәсіби бірлестігінің негізі өткен ғасырдың 50-60 жылдары қаланған. 1997 жылы ҚарМТУ-да «сәулет» мамандығының ашылуымен ҚР Сәулетшілер одағының Қарағанды ұйымы жас таланттармен, тың идеялармен толықты. Өткен 14 жыл ішінде 200 сәулетші даярланды. Олар жобалау фирмалары мен шығармашылық шеберханаларында табысты жұмыс істеп, қаланың әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандарының құрылысына және оны абаттандыруға елеулі үлес қосты. Қатарында ҚарМТУ-дың 8000 түлегі бар Қарағандының құрылыс корпусы сәулетшілердің көркем идеяларын жүзеге асырды.

Көрмеге қаланың орамдарын, алаңдарын, саяжолдарын, Орталық мәдениет және демалыс саябағын, көшелері мен жекелеген ғимараттарын жаңғырту жөніндегі 100-ден астам экспонат, «сәулет» мамандығының студенттері әзірлеген жобалар, үлгілер, нобайлар мен суреттер қойылды. Олардың қатарында халықаралық конкурстардың лауреаттары болған – Гагарин алаңын, «Главпочтамты», Орталық саябақты, Ескі қаладағы ҚазДрамТеатрын, қалалық саяжолдарды, Қарқаралы мен Баянауылдағы демалыс аймақтарын жаңғырту жобалары бар.

Мазмұнды да тартымды өткен көрмені ҚР Құрметті сәулетшісі, ҚР Сәулетшілер одағының мүшесі Сергей Лебедев жүргізді.